

Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалау, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану ережелерін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 12 қарашадағы N 702 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 26 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5902 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2014 жылғы 2 қазандағы № 112 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 02.10.2014 № 112 бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 156-бабының 3-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалау, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Әкімшілік-құқықтық жұмыстар департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін ресми жариялануға жіберсін.

4. Мыналардың:

1) "Вакцинамен және басқа да медициналық иммунобиологиялық препараттармен жұмыс істеу туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 17 маусымдағы N 484 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2950 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орталық атқару және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, N 1, 5 - құжат);

2) ""Вакциналармен және басқа да медициналық иммунобиологиялық препараттармен жұмыс істеу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 17 маусымдағы N 484 бұйрығына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 11 маусымдағы N 358 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4789 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2007 жылғы N 114 (1143) жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

5. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Ж. Досқалиев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 2 қ а р а ш а д а N 7 0 2
бұйрығымен бекітілді

Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалау, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалау, дезинфекциялау) препараттарды сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі терминдер және анықтамалар:

1) бактериофагтар - бактериялық жасушаны зақымдай алатын және оны ерітетін бактериялардың вирустары;

2) қауіпсіз вакцинациялау - профилактикалық екпелерді жүргізу кезіндегі пациенттің, иммунитеттеуді жүзеге асыратын медициналық қызметкердің, сондай-ақ тұрғындардың денсаулығына және қоршаған ортаға жағымсыз әсердің болмауы;

3) вакцинатор - профилактикалық екпелерді жүргізетін медициналық қызметкер;

4) дезактивация – қандайда бір заттың үстінен немесе қандайда бір ортадан ластануды жою немесе радиобелсенділігін төмендету;

5) дезинфекциялау препараттары (бұдан әрі – дезпрепараттар) - дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау заттары;

6) диагностикалау препараттары (бұдан әрі – ДП) – зерттелетін материалдарда микроорганизмдерді, антигендерді, антиденелерді, нуклеинді қышқылдарды танып білуге қабілетті препараттар;

7) иммундық-биологиялық препараттар (бұдан әрі - ИБП) - тірі немесе өлі

микроорганизмдерді, олардың жасушаларының компоненттерін, адамның және жануарлардың инфекциялық ауруларын емдеу, профилактика мен диагностикалауға арналған тіршілік әрекеттері өнімдерін қолданумен жасалған иммуноглобулиндер, бактериофагтар, диагностикалық препараттары бар ж а с а н д ы з а т т а р т о б ы ;

8) иммуноглобулиндер - инфекциялық аурулардың шұғыл профилактикасы және емдеу мақсатында қолданылатын адамның және жануарлардың қан сарысуынан дайындалған препараттар;

9) қауіпсіз жинауға және жоюға арналған қораптар (контейнерлер) (бұдан әрі - ҚЖЖҚ) - қолданылған шприцтерді және инелерді оларды жойғанға дейінгі жинауға және қауіпсіз сақтауға арналған суға төзімді және тесілмейтін с ы й ы м д ы л ы қ ;

10) вакцинадан кейінгі асқынулар – профилактикалық екпелердің салдарынан пайда болған денсаулық жағдайының ауыр, тұрақты бұзылуларының, реанимациялық шараларды талап ететін клиникалық көріністері (дене температурасының 40°C жоғары көтерілуі, анафилаксиялық шок, афебрильді қ ұ р ы с у , м е н и н г и т) ;

11) өздігінен блокталатын шприц - бір рет дәрі жіберуден кейін автоматты түрде блокталатын және қайталап қолдануға жарамсыз болып қалатын шприц;

12) өздігінен жойылатын шприц - бір рет дәрі жіберуден кейін поршенінің сынуына байланысты жарамсыз болып қалатын шприц;

13) термоконтейнер - қуысына орналасқан мұздатылған тоңазыту элементтерінің көмегімен қолайлы температуралық режим (плюс 2°C –тан плюс 8°C -қа дейін) қамтамасыз етілетін, жылу оқшаулағыш қасиеті бар және қақпақпен тығыз жабылатын, вакциналарды алып жүруге арналған жәшік (немесе сөмке);

14) термоиндикатор - қабылдаушыға дейін вакцинамен қоса жүретін бақылау карточкасы және ол вакцинаға температураның әсерін индикатор түсінің өзгеру ж о л ы м е н б е л г і л е й д і ;

15) салқындату тізбегі – ұйым-дайындаушыдан вакцинацияланатын адамға дейін қоса жүретін, олардың жолдағы барлық кезеңдерінде вакциналарды және басқа да ИБП сақтаудың және тасымалдаудың қолайлы температуралық режимін қамтамасыз ететін үздіксіз қызмет жүйесі;

16) тоңазыту элементі (бұдан әрі – тоңазыту элементі) – қолданар алдында мұздатылатын су толтыруға арналған саңылаусыз тығынмен жабылатын және контейнерде плюс 2°C -тан плюс 8°C -қа дейін шамада температураны ұстап тұратын, тік бұрыш формадағы пластикалық немесе металл сыйымдылық.

2. Иммундық-биологиялық және диагностикалау препараттарды сақтау, тасымалдау мен пайдалануға қойылатын жалпы талаптар

3. ИБП және ДП сақтауға арналған қойма бөлек тұрған ғимараттарға немесе ғимараттың бірінші қабатында, сыртқа шығатын жеке есігі бар, басқа үй-жайлардан окшауланған объектіде немесе құрғақ, желдетілетін жертөледе орналасады. ДП сақтауға арналған қойма тікелей зертханаларда да орналасуы мүмкін. Қойма үй-жайлары жақсы жарықтандырылған, жеңіл желдетілуі тиіс. Жылыту, желдету, жасанды және табиғи жарықтандыру санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

4. Сақтауға арналған қоймада тоңазытқыштар, мұздатқыштар, тоңазытқыш камералар орналасады немесе тоңазытқыш бөлмелер (бұдан әрі - тоңазытқыш ж а б д ы қ) ж а б д ы қ т а л а д ы .

5. Тоңазытқыш бөлмелер, тоңазытқыш және мұздатқыш камералар еденнен кемінде 10 сантиметр биіктіктегі стеллаждармен жабдықталады. ИБП мен ДП жарықтың әсерінен қорғалады. ИБП мен ДП бөгде заттармен бірге және тікелей еденде сақтауға рұқсат етілмейді.

6. ИБП мен ДП-ны сақтау кезінде оларды түрлері бойынша, жарамдылық мерзімін және сериясын ескере отырып, тоңазытқыш жабдығының стеллаждарында немесе сөрелерінде орналастырылады. Күнделікті тәулігіне екі рет (таңертең және кешке) тоңазытқыш жабдығының температурасы осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоңазытқыш жабдықтың температуралық режимін есепке алу журналына белгіленеді.

7. ИБП мен ДП-ны сақтау және тасымалдау үшін плюс 2⁰С-тан плюс 8⁰С-қа дейінгі шектегі температура қолайлы болып табылады. Сақтау осы Ережелерге 2-қосымшаға сәйкес ИБП сақтаудың температуралық жағдайы кезінде жүзеге асырылады. ДП тасымалдау оған қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

8. Тұтынушыларға дейін тасымалдау ең қысқа мерзімде - 48 сағаттан артық е м е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

9. ИБП мен ДП жеткізіп беруші қабылдап алушыға алдын ала жүк жеткізу мерзімі туралы х а б а р л а й д ы .

10. ИБП мен ДП-ны қабылдау кезінде жүк дереу тоңазытқыш камераға орналастырылады және термоконтейнерлерді түсіру жүргізіледі. ИБП мен ДП партиясын қабылдау актісі осы Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылады. Тиісті термоиндикаторлардың көрсеткіштері тексеріледі, оларға түсу мерзімі енгізіледі. Барлық мәліметтер осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша иммундық-биологиялық препараттарды есепке алу журналына және осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша диагностикалау

препараттарды есепке алу журналына енгізіледі.

11. ИБП мен ДП-ның жөнелтілуі кешіктірілген кезде, оларды вокзалдың, әуежайлардың қоймаларының тоңазытқыш камераларына орналастырады немесе тоңазытқышқа салып жөнелтушінің қоймасына қайтарады.

12. Әрбір контейнерде олардың сапасын сақтауға қажетті ИБП мен ДП-ның түрі, сақтау температурасы көрсетілген таңбасы болады.

13. ИБП мен ДП-ны сақтаумен және тасымалдаумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларда резервті тоңазытқыш жабдық, олардың запас бөліктері, термоконтейнерлер, тоңазыту элементтері болу тиіс.

14. ИБП мен ДП сақтаумен айналысатын жеке тұлға немесе заңды тұлғаның басшысы олардың санына тәуелсіз тоңазытқыш жабдығында ақаудың пайда болу немесе электр энергиясының сөну жағдайына арналған шұғыл іс-шаралар ж о с п а р ы н б е к і т е д і .

15. Энергия көзінің уақытша сөну жағдайында температураны ұстап тұру үшін тоңазытқыштың төменгі сөресінде орналасқан мұздатылған тоңазытқыш элементтердің қоры болуы қажет.

16. Тоңазыту элементтерді тез мұздату үшін арнайы мұздатқыштар пайдаланылады. Тоңазыту элементтері мұздатқышта қырынан жатқызылады.

17. Тоңазытқыш жабдықтар және термоконтейнерлер таза ұсталады, үнемі (айына кемінде бір рет) мұзы ерітіледі және жуылады. Тоңазытқыш камераларының қабырғаларындағы қырау қабаты 5 миллиметрден аспауы тиіс.

18. Әрбір тоңазытқыш тоңазытқыштың жоғарғы және төменгі бөлігінде орналастырылған екі термометрмен жабдыкталады. Термометрлер жыл сайын метрологиялық тексеруден өтеді.

19. Жылына кемінде бір рет тоңазытқыш жабдықтарын білікті мамандар міндетті түрде орындалған жұмыстардың актісін жасай отырып техникалық тексеруден өткізеді.

20. ИБП мен ДП қоймасында жүк тиеу - түсіру алаңы және автокөлікке арналған кіреберіс жолдар көзделеді.

21. Қоймада ИБП мен ДП-ны сақтауға, ораманы шешуге және қаптауға арналған, тоңазыту элементтерін, термоконтейнерлерді және басқа да қаптау материалдарын сақтауға арналған үй-жайлар болуға тиіс.

22. Жарамдылық мерзімі өткен, жарамсыз болу белгілері (түсінің өзгеруі, бөгде элементердің, тұнбаның, сыйымдылықта сызаттың болуы, көлемінің болмауы немесе жеткіліксіздігі) бар ИБП мен ДП есептен шығару және жою актісін ресімдеумен есептен шығарылады және жойылады. Жойылуы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

23. Тоңазытқыш және мұздатқыш камераларда жұмыс істеу кезінде жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мынадай шаралар сақталады:

1) тоңазытқыш немесе мұздатқыш камераға кірер алдында бөлімше қызметкерін ол туралы алдын ала ескерту қажет;

2) тоңазытқыш және мұздатқыш камераға кірмес бұрын есігін іштен ашуға болатындығын тексеріп алу қажет, кілт камерада жұмыс істейтін жұмыскерде болуы керек;

3) мұздатқыш камераға жылы киімсіз кіруге рұқсат етілмейді.

24. ИБП мен ДП қоймадан ИБП мен ДП алуға сенімхат, сондай-ақ талап немесе өтінім ұсынылған кезде босатылады.

25. ИБП мен ДП сақталатын, пайдаланылатын объектілерде: есепке алу және есеп беру құжаттамалары (қабылданған және берілген ИБП мен ДП құжаттары, талаптар, сенімхаттар, қабылданған және жұмсалған ИБП мен ДП туралы айлық есептер, шығынға жазу және жою актілері);

Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органдары өткізген тексеру актілері; қолдану бойынша нұсқаулар болуы тиіс.

26. ИБП мен ДП сақталатын қоймаларға, тоңазытқыш бөлмелерге және камераларға аптасына кемінде бір рет ылғалды жинау жүргізіледі.

27. ИБП мен ДП-ны сақтауға арналған қойма жұмыс күнінің соңында бекітіледі және сүргі салынады.

3. Иммундық-биологиялық препараттарды сақтау, тасымалдау мен пайдаланудың кейбір ерекшеліктері

28. Сақтау, тасымалдау мен пайдаланудың барлық кезеңінде әрбір ИБП-ға ұсынылатын талаптарға сәйкес салқындату тізбегі сақталады.

29. ИБП-ны республикалық және облыстық деңгейдегі қоймада сақтау мерзімі 6 айдан, қалалық және аудандық қоймаларда - 3 айдан, тікелей егу жүргізетін медициналық ұйымдарда – 1 айдан, егу пункттерінде (мектептер, балабақшалар және басқа да балаларға арналған мекемелерде) - 1 аптадан аспауы тиіс. ИБП-ны егу пункттерінде белгіленген сақтау мерзімдерінде қолданбаған кезде қалдықтары жоғары деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарына өткізіледі.

30. Денсаулық сақтау ұйымдарында ИБП-ны сақтау үшін егу кабинеттерінде орнатылған тоңазытқыштар пайдаланылады.

31. Профилактикалық егулерді жүргізетін денсаулық сақтау ұйымдарында ИБП - ны сақтау кезінде:

1) әрбір қаптамасына салқындатылған ауа кіретіндей болуы тиіс;

2) жарамдылық мерзімі аз ИБП бірінші кезекте қолданылатындай етіп, орналастырылуы тиіс;

3) ИБП шишасын ашқанға дейін, мұздатқышта сақталатын және мұздатуға

жатқызылуы мүмкін полиомиелит вакцинасын қоспағанда, тоңазытқыштарда плюс 2⁰С-ден плюс 8⁰С-ге дейінгі температурада сақталады.

32. Тоңазытқышта ИБП-ны сақтау кезінде ИБП-мен және тоңазыту элементтерімен толтырылған тоңазытқыштың көлемі жалпы көлемінің ж а р т ы с ы н а н а с п а у ы т и і с .

33. Егер бұл вакцинаға берілген нұсқауда ескертілмесе, барлық ИБП-ға арналған еріткіштер ерекше температуралық жағдайда сақтауды қажет етпейді. Езіп қосу кезінде еріткіштің және ИБП-ның температурасы бірдей болуы керек. Сондықтан қолданғанға дейін тәулік бұрын еріткішті тоңазытқышқа орналастырады. Еріткішті мұздатуға болмайды. Әрбір ИБП-ға сол ИБП-ны дайындаған өндірушінің еріткіші қоса ұсынылады.

34. Қолданылуы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган тоқтатқан ИБП-ның жекелеген серияларын, оларды одан әрі қолдану немесе жою мүмкіндігі туралы мәселе шешілгенге дейін қоймада сақталады.

35. ИБП-ны жіберу немесе жөнелту кезінде құжаттама үш данада ресімделеді, оның біреуі қабылдап алушыға, екіншісі ұйымның бухгалтериясына беріледі, ал үшіншісі ИБП-ны беретін ұйымда қалады.

36. ИБП-ны тасымалдау тоңазыту элементтері бар термоконтейнерде немесе арнайы тоңазытқышпен жабдықталған көлікте ілеспе құжаттарымен жүргізіледі.

37. Термоконтейнердің әрбір бірлігіне термоиндикатор салынады. ИБП үшін әрбір 3000 дозаға бір термоиндикатор есебінен салынады.

38. Салқындату тізбегінің барлық деңгейлерінде медициналық ұйымдарға түсуін тіркеу және препараттардың термоиндикатордың көрсеткіштерін белгілей отырып, одан әрі жөнелту жүргізіледі.

39. Егуді жүргізетін денсаулық сақтау ұйымдары ИБП-ны тасымалдауға арналған тоңазыту элементтерінің жинағы бар, сондай-ақ стационарлық тоңазытқыш сынған немесе электр энергиясы сөнген жағдайда оларды резервті сақтауға арналған термоконтейнерлердің жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз е т і л е д і .

40. ИБП-мен жұмысқа, оларды қолдану жағына егулерді жүргізуге рұқсаты бар, жоғары және орта медициналық білімді, егуді жүргізу техникасына, асқынулар мен вакцинадан кейінгі реакциялар дамыған жағдайда кезек күттірмейтін көмек тәсілдеріне оқытылған адамдар жіберіледі. Рұқсатты хат түрінде жыл сайын медициналық ұйым жанында арнайы құрылған профилактикалық егулер өткізуге рұқсат беру жөніндегі комиссия береді.

41. ИБП-ны сақтаудың және тасымалдаудың температуралық режимінің бұзылуы анықталған кезде препараттарды одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы

шешім қабылдау үшін ұйымның басшысына хабар беріледі.

42. Шишаларда шығарылатын сұйық инъекциялық ИБП, ампулаларда шығарылатын ИБП-ны қоспағанда, егер басқалар оларға арналған нұсқаулықта көзделмесе, ашылғаннан кейін үш күннің ішінде қолдануға рұқсат етіледі.

43. Қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке, туберкулезге, сары қызбаға қарсы ерітілген вакциналар ерітілгеннен кейін жедел немесе егер бұл вакцинаға берілген нұсқауда рұқсат етілсе, 3 не 6 сағат ішінде қолданылады.

44. Пайдаланылған шприцтері бар ҚЖЖҚ мынадай әдістермен жойылады:

1) коқыс өртейтін пештерде (инсинераторларда) орташа ($800-1000^{\circ}\text{C}$) және жоғары (1000°C -тан жоғары) температураларда өртеу;

2) пештерде, ашық шұқырларда немесе металл бөшекелерде салыстырмалы жоғары емес температураларда (400°C төмен) өртеу.

45. Пайдаланылған шприцтері бар ҚЖЖҚ-ны жинау, тасымалдау және өртеу жауапты қызметкердің қадағалауымен жүргізілуге тиіс.

46. Иммуниеттеудің қауіпсіздігі мақсатында мынадай шарттар сақталуы тиіс :

1) стерильді өздігінен блоктанатын және өздігінен жойылатын шприцтерді п а й д а л а н у ;

2) қаптаманың бүтіндігі бұзылған, сақтау мерзімі өткен, көрінетін ластану белгілері бар шприцтер мен инелерді жою;

3) қаптамаларын тікелей шприцті қолданар алдында ашу;

4) шприцтерді және ҚЖЖҚ сақтауға арналған жеке үй-жай бөлу;

5) сапалы және қауіпсіз ИБП-ны қолдану;

6) ИБП-ның әрбір шишасын ерітуге жеке бір рет қолданылатын стерильді шприцтерді және инелерді пайдалану;

7) ИБП-ны ерітіп қосқаннан кейін дереу шиша тығынынан инені алу;

8) егер нұсқауда басқалары ескертілмесе, ерітіп қосу кезінде ИБП-ға еріткіштің толық мөлшерін пайдалану;

9) енгізу техникасын сақтау және ИБП-ны енгізген кезде дене аймағын дұрыс т а ң д а у ;

10) ИБП-сы бар шиша тығынын өңдеу және дене аймағын өңдеу үшін бөлек мақта немесе дәкелі шариктерді пайдалану;

11) дене аймағын өңдеуге арналған мақта немесе дәкелі шариктерді спиртте емес, кұрғақ күйінде сақтау;

12) вакцинатордың қолында терінің зақымдалуы болған жағдайда бір рет қолданылатын қолғаптарды пайдалану;

13) вакцинаторларды иммуниеттеу мәселелері бойынша жыл сайын даярлау;

14) егілушінің медициналық құжаттамасында профилактикалық егу жүргізуге

рұқсатты ресімдеу арқылы дәрігер, ол болмаған жағдайда фельдшер қарап-тексеруі;

15) кәмелеттік жасқа толмағандарға, әрекетке қабілетсіздерге ата-аналарына немесе олардың заңды өкілдеріне алдын ала хабарлағаннан кейін егу жүргізу;

16) шприц қаптамасын ашқаннан кейін ИБП-ны енгізуге дейінгі уақытты қысқарту;

17) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған, ИБП-ны енгізу кезінде баланың дұрыс қалпы;

18) егу бөлмелерінде ИБП-мен, өздігінен блоктанатын және өздігінен жойылатын шприцтермен және ҚЖЖҚ-мен кешенді жабдықтау принципін сақтау;

19) ҚЖЖҚ-ны орнықты бетке егу өткізетін орынға жақын орналастыру;

20) егуден кейін қолданылған инесімен шприцті алдын ала жумай, дезинфекцияламай, бөлшектемей және қолданылған шприцті пішінін өзгертпей дереу ҚЖЖҚ-ға жинау;

21) төрттен үш бөлігі толған кезінде (не белгіге дейін) ҚЖЖҚ қақпағын жабу;

22) пайдаланылған шприцтермен толтырылған ҚЖЖҚ-ны уақытша сақтау үшін арнайы бөлінген орын бөлу;

23) толған ҚЖЖҚ-ны жедел жою.

4. Дезинфекциялаушы препараттарды сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға қойылатын талаптар

47. Дезпрепараттар сорып-шығару желдеткішімен жабдықталған арнайы құрғақ жабылатын қоймаларда бүлінбеген ыдыста сақталады. Дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау препараттары әртүрлі үй-жайда бөлек сақталады.

48. Дезинсекциялау және дератизациялау препараттары "У" немесе "УЫТТЫ" деген ескертпе жазуымен затбелгісі бар тығыз жабылған бұзылмаған ыдыста сақталуы тиіс.

49. Ұсақ ыдысты дезпрепараттарды сақтау үшін металл стеллаждарды, ал бөтелкелерді сақтау үшін – ағаш сөрелерді орнатады.

50. Дезпрепараттарды сақтауға, тасымалдауға және пайдалануға жауапты адам (бұдан әрі – жауапты адам) дезпрепараттарға қойылатын нұсқаулық талаптарын сақтауы тиіс.

51. Дезпрепараттарды сақтау және пайдалану үй-жайларында бөгде заттарды сақтауға, шылым шегуге, тамақтануға тыйым салынады.

52. Дезпрепараттарды бөгде адамдарға беруге және оларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

53. Жауапты адамның жұмыс орны дезпрепараттар сақталатын үй-жайдан оқшауланады, жуғышпен, жеке, жұмыс киімдеріне арналған шкафпен жабдықталады. Жұмыс орнында алғашқы көмек қобдишасы, тыныс алу және көз органдарының жеке қорғаныш құралдары (бұдан әрі - ЖҚК) және жеке гигиеналық құралдары болуы тиіс.

54. Қойманы жинау және дезактивациялау қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет шаңсорғыш және жуғыш аппаратурасын пайдалана отырып жүргізіледі.

55. Дезпрепараттардың кірісін және шығысын есепке алу осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дезинфекциялау препараттарын есепке алу журналында, пайдаланылуды есепке алу – осы Ережелерге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дезинфекциялау препараттарды пайдалануды есепке алу журналында жүргізіледі.

56. Жұмыс күнінің соңында өңдеуден кейін қалған дезпрепараттар жауапты адамға беріледі.

57. Әкімшілік жауапты адамға арналған арнайы киімді үнемі зарарсыздандыруды, жууды және жөндеуді қамтамасыз етеді. Арнайы киімді үй жағдайларында және жұмыс орнында жууға тыйым салынады.

58. Дезпрепараттар санитариялық паспорты бар арнайы көлік құралдарымен тасымалдануға тиіс.

59. Дезпрепараттарды вагоннан (контейнерден) түсірген кезде, оны ашудан бұрын пломбаның бүтіндігін тексереді. Шашылып (төгіліп) қалған дезпрепараттар бар болған жағдайда көлік құралын жинау және дезактивациялау жүргізіледі.

60. Дезпрепараттарды орау сору шкафында немесе арнайы бөлінген үй-жайда сорғыш шатыр астында жүзеге асырылады.

61. Дезпрепараттармен жұмыс кезінде әрбір 45-50 минут сайын таза ауаға шығып, халатты, респираторды немесе газтұтқышты шешіп, 10-15 минутқа үзіліс жасау қажет.

62. Дезпрепараттармен жұмыс кезінде жеке бас гигиенасы сақталады.

63. Жұмыстан кейін ауызды ас содасы қосылған сумен шаю, қолды, бетті және дененің басқа да ашық жерлерін жуғыш заттармен жуу қажет, ауысым аяқталған соң гигиеналық душ қабылдау қажет.

64. Дезпрепараттар түскен арнайы киімді өңдеу, жуу және көлік құралдарын, жұмыс процессінде қолданылатын ыдыстарды және ыдыс-аяқтарды залалсыздандыру арнайы жабдықталған ауданда немесе сору құрылғылары бар арнайы үй-жайларда ЖҚК-ны қолдана отырып жүргізіледі.

65. Дезпрепараттардың ыдысын препараттардың қалдықтарынан мұқият тазалағаннан кейін залалсыздандырады. Содан соң оны кальцийленген соданың 3

-5% ерітіндісімен (10 литр суға 300-500 грамм) жуады. Жуғаннан кейін ыдысқа осы ерітінділердің біреуін құйып, 6-12 сағатқа қалдырады, сосын бірнеше рет с у м е н ш а я д ы .

66. Дезпрепараттармен жұмыс істеу орындарында дезпрепараттарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдар, кітапшалар болуы, нұсқаулар, улану кезіндегі алғашқы көмек көрсету ережелері туралы плакаттар мен жаднамалар ілінуі болуы тиіс.

П р о ф и л а к т и к а л ы қ

(и м м у н д ы қ - б и о л о г и я л ы қ ,

д и а г н о с т и к а л а у ,

д е з и н ф е к ц и я л а у ш ы)

п р е п а р а т т а р д ы

с а қ т а у ,

т а с ы м а л д а у

ж ә н е

п а й д а л а н у

Е р е ж е л е р і н е

1-қосымша

Нысан

Тоңазытқыш жабдықтың (тоңазытқыштар, мұздатқыштар, тоңазытқыш бөлмелер және тоңазытқыш камералар) температуралық режимін есепке алу журналы

Күні	Термометр көрсеткіші		Жауапты қызметкердің қолы	Ескертпе (электр энергиясының ажыратылғандығы, ерігендігі, тоңазытқыш жабдықтың жарамсыздығы туралы белгілер)
	Таңертең	Кешке		

П р о ф и л а к т и к а л ы қ

(и м м у н д ы қ - б и о л о г и я л ы қ ,

д и а г н о с т и к а л а у ,

д е з и н ф е к ц и я л а у ш ы)

п р е п а р а т т а р д ы

с а қ т а у ,

т а с ы м а л д а у

ж ә н е

п а й д а л а н у

Е р е ж е л е р і н е

2-қосымша

Иммундық-биологиялық препараттарды сақтаудың температуралық шарттары

Препараттардың атауы	Плюс 2 ⁰ С-тан плюс 8 ⁰ С-қа дейінгі температурада сақтау, тоңазытқыштағы орны	Минус 15 ⁰ С-тан минус 25 ⁰ С-қа дейінгі температурада сақтау	Жарықта сақтау
Полиомиелитке қарсы вакцина	рұқсат етіледі	рұқсат етіледі	рұқсат етіледі
БЦЖ-вакцинасы, қызылша вакцинасы, паротит вакцинасы, қызылша, қызамық және паротитке қарсы вакцина (ҚҚП), қызылша мен қызамыққа қарсы вакцина (ҚК), қызылшаға қарсы вакцина	рұқсат етіледі	рұқсат етілмейді	рұқсат етілмейді
АКДС, АДС, АДС-М, АД-М, АС, туберкулин, кене энцефалитіне қарсы вакцина мен иммуноглобулин, құтырмаға қарсы вакцина, "А" гепатитіне қарсы вакцина, "В" гепатитіне қарсы вакцина, іш сүзегіне қарсы вакцина, обаға қарсы вакцина, ДҚС, бактериофагтар	рұқсат етіледі	рұқсат етілмейді	рұқсат етіледі

Профилактикалық

(иммундық-биологиялық,

диагностикалау,

дезинфекциялаушы)

препараттарды

сақтау,

тасымалдау

және

пайдалану

Ережелеріне

3-қосымша

Нысан

Иммундық-биологиялық және диагностикалау препараттар партиясын қабылдау актісі

Жөнелтушінің мекен-жайы _____

Тасымалдау барысындағы жоспарланған аялдамалар _____

Жөнелту мерзімі (әуе/теміржолдарының жүк құжаттарының мәліметтеріне сәйкес) _____

Жүктің белгіленген пунктке келу күні және уақыты _____

Препараттардың атауы _____
Ұйым, дайындаушы _____
Орамалар немесе шишалар (ампулалар) саны _____

Дозалар (литрлердің, таблеткалардың) саны _____

Серия нөмірі, бақылау нөмірі _____

ИБП-ның, ДП-ның жарамдылық мерзімі _____

Ерітінді шишаларының (ампулалардың) саны _____

Серия нөмірі, бақылау нөмірі _____

Еріткіштің жарамдылық мерзімі _____

Индикаторлар көрсеткіші: түстің өзгеруі, жүктің жағдайы _____

Контейнерлердің жалпы саны _____

Таңбасының болуы _____

Орамаларды жеткізу кезіндегі жағдайы _____

(бүтіндігінің бұзылуы, зақымдалудың, пішінінің өзгеруінің, ылғал іздерінің болуы, жазуларының өшіп қалуы)

Қ о л д а р ы :

Жүкті жіберуші _____

Жүкті қабылдаушы _____

Жүкті қабылдау күні 20__ жылғы "___" _____

П р о ф и л а к т и к а л ы қ

(иммундық-биологиялық,
диагностикалау,

дезинфекциялаушы)

препараттарды сақтау,

тасымалдау және

пайдалану Ережелеріне

4-қосымша

Нысан

Иммундық-биологиялық препараттарды есепке алу журналы

N	Препараттың атауы	Түскен мерзімі	Қайдан келді	Шығарушы елі	Сапа сертификаты N	Алынған саны	Ампуладағы (шишалардағы) дозалар саны	Жарамдылық мерзімі

(кестенің жалғасы)

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Серия нөмірі	Қаржыландыру көзі	Кімге берілді	Берілген мерзімі, жүк құжатының N	Сенімхат N, күні	Берілген саны	Баланс		
						Кіріс	Шығыс	Қалдық

Профилактикалық
(иммундық-биологиялық,
диагностикалау,
дезинфекциялаушы)
препараттарды сақтау,
тасымалдау және
пайдалану Ережелеріне
5-қосымша
Нысан

Диагностикалау препараттарды есепке алу журналы

N	Препараттың атауы	Түскен мерзімі	Жеткізіп берушінің атауы	Шығарушы елі	Сапа сертификатының N	Алынған саны	Орамалар саны	Жарамдылық мерзімі	Серия нөмірі, бақылау нөмірі
---	-------------------	----------------	--------------------------	--------------	-----------------------	--------------	---------------	--------------------	------------------------------

Профилактикалық
(иммундық-биологиялық,
диагностикалау,
дезинфекциялаушы)
препараттарды сақтау,
тасымалдау және
пайдалану Ережелеріне
6-қосымша
Нысан

Дезинфекциялау препараттарын есепке алу журналы

N	Препараттың атауы	Түскен күні	Қайдан түсті	Алынған саны	Жарамдылық мерзімі	Берілген саны	Кімге берілді	Жүк құжатының N және күні	Қалдық
---	-------------------	-------------	--------------	--------------	--------------------	---------------	---------------	---------------------------	--------

Профилактикалық
(иммундық-биологиялық,
диагностикалау,
дезинфекциялаушы)

препараттарды сақтау,
тасымалдау және
пайдалану Ережелеріне
7-қосымша
Нысан

Дезинфекциялау препараттарды пайдалануды есепке алу журналы

N	Препараттың атауы	Шығын нормасы	Препараттың көлемі	Ерітіндінің дайындалған күні	Өңдеу орны	Өңдеу ауданы	Өңдеуді кім жүргізді	Өңдеу жүргізген адамның қолы	Басшының қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК